



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Астанада «Қазақстанды монеталар арқылы таны» экспозициясы өтті

Астана қ.

2023 жыл, 19 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде «Қазақстанды монеталар арқылы таны» көрмесі өтті. Экспозиция ұлттық валюта – теңгенің енгізілгеніне 30 жыл толуына орайластырылған.

Көрме экспонаттары елдің қалыптасуы мен дамуын суреттейтін ең негізгі мәдени, саяси және тарихи кезеңдерді қамтиды, сондай-ақ халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрін паш етеді.

Көрмеге келушілер алтыннан, күмістен, сондай-ақ бағалы емес металдардан жасалған 500-ден астам түрлі монеталармен танысты. Оларды дайындау кезінде жаңа технологиялар қолданылған. Сонымен қатар, экспозицияға халықаралық байқауларда орын алған, сол секілді салмағы 2 кг сирек кездесетін ірі монеталар қойылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – «Сақ стилі» банкноталары мен КОКВÓРІ инвестициялық монеталарының жаңа сериясын көпшілікке таныстыру, сондай-ақ банкноталар мен монеталар шығару саласындағы Қазақстанның жетістіктерін көрсету.

Көрме аясында ұлттық валютаның жаңа банкноттық сериясы ұсынылды. Ол «Сақ стилі» элементтеріне негізделген және көшпенділердің бірегей мәдениетінен бастап заманауи Қазақстанға дейінгі ел мұрасын бейнелейді.

Сондай-ақ экспозицияда ҚҰБ дизайнерлері «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» монеталар сериясының көркемдік тұжырымдамаларын пайдаланған КОКВÓРІ инвестициялық монеталарының ребрендингі туралы айтып берді. Ұлттық нақыштағы элементтер қамтылған эксклюзивтілік пен дизайнерлік шешім КОКВÓРІ монеталарына инвестициялық құрал ретінде ғана емес, сол секілді коллекциялау мен сыйлық ретінде де қызығушылықты арттыруға көмектеседі.

Жаңа инвестициялық монеталар туралы ақпаратпен ҚҰБ [сайтында](#) танысуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz